



Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

№43 (1825)  
18 желтоқсан  
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU\_FARABI

## Тәуелсіздік – зор бақыт



**Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант-докторанттары!**

Сіздерді Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіздік мерейтойына арналған салтанатты жиында: «Біз текті халықтың ұрпағымыз. Ғасырлар бойы батыр бабалар ұлан-байтақ жерді ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, бізге мирас етті. Мен сол ата-бабалар аманатына әрдайым адал болдым. «Ел басына күн туса, ер етікпен су кешер» дегендей, жұртымының жарқын болашағы үшін жанымды аямадым. Бүгін, арада 30 жыл өткен соң, сол асқақ армандарымның орындалғанын көру – мен үшін зор бақыт», – деп атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тәуелсіздіктің отыз жылы – тұтас бір дәуір. Бұл – қиындықтар мен сынақтарды табанды түрде еңсеру дәуірі, тар жол, тайғақ кешумен салыстыруға болатын ұзақ кезең. Бұл – халқымыздың тарихында бетбұрыс болған жасампаздық дәуірі. Сондықтан ел азаматтарының атынан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа тәуелсіз Қазақстанды құрудағы ерен еңбегі үшін шын жүректен алғыс айтамын», – деп елдің ризашылығын жеткізді.

Тәуелсіздікті нығайтуға, ел бірлігін сақтауға, әр саланы гүлдендіруге атсалысқан барлық азаматтарға алғыс білдірді. Сондай-ақ ғасырлар тоғысында ел басқарып, отыз жыл туған халқының сенімін ақтауға күш салған Тұңғыш Президенттің идеяларын лайықты жалғастыруға шақырды.

**Құрметті әріптестер, білім алушылар!**

Қазақ білімі мен ғылымының қарашаңырағы азаттықтың ақ таңында мемлекеттің қалыптасуына айрықша үлес қосты. Әрдайым Елбасыға қолдау білдіріп, мемлекет жүктеген міндеттерді мінсіз атқарды.

Жоғары оқу орындарының арасында көш бастап, жастар тәрбиесі мен мамандар даярлау ісінде қырағылық танытты.

Алдағы уақытта да осы бағыттарыңыздан таймай, ел дамуына жаңа серпін беретіндеріңізге сенемін.

Мерейлі мерекеде отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, елімізге тыныштық тілеймін!

Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,  
Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың Басқарма  
Төрағасы – Ректоры**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов арнайы келді. Жұмыс сапары барысында министр білім ошағында атқарылған жұмыстармен танысты.

## Білім және ғылым министрі ҚазҰУ-ға келді

Алдымен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ағымдағы жылы университетте жүргізілген құрылыс жұмыстарының барысына тоқталды. Министр соңғы үлгідегі күрделі жөндеуден өткен оқу ғимараттары мен жаңарған аудиторияларды аралады.

«Университет кампусына ұзақ жылдардан бері мұндай күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмегендіктен, көптеген ғимараттардың тозығы жеткен. Сол олқылықтың орнын толтырып, ағымдағы жылы университет аумағында үлкен жұмыстар атқарылды», – деді университет басшысы.

Бұдан кейін министр Асхат Аймағамбетов заманауи стандарттарға сәйкес жабдықталған Al-Farabi



Business school оқу кабинеттерін көріп, жұмысымен танысты.

Кездесу соңында Жансейіт Түймебаев министрге

университеттің соңғы жетістіктері мен алдағы уақытта салынатын нысандардың құрылыс жоспары туралы баяндады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде академик Еділ Ерғожиннің туғанына 80 жыл толуына орай, «Ғылым, білім, инновациялар: әлемдік трендтер және аймақтық аспектілер» атты халықаралық симпозиум өтті.

мындаған шәкірті бүгінде отандық ғылымды дамытып, ел болашағы үшін еңбек студе», – деп атап өтті. Шара барысында «Фибрат-

## Еділ Ерғожин атындағы мәжіліс залы ашылды

Алдымен профессор, ҚР еңбек сіңірген өнертапқышы Еділ Ерғожаұлы атындағы мәжіліс залы салтанатты түрде ашылды.

Жиын басында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бүгінгі симпозиумның маңыздылығын атап өтіп, Еділ Ерғожиннің жеткен жетістіктеріне тоқталды. Білім ордасының басшысы: «Академик Еділ Ерғожин университетіміздің түлегі, химия факультетін үздік бітірген. Студент кезінен ғылыми зерттеулермен айналысқан. Ұлы зерттеуші еңбекқорлығының ар-



қасында 33 жасында ғылым докторы, 42 жасында корреспондент-мүше, 48 жасында Ғылым академиясының академигі атанды. Өнегелі ғалым Еділ Ерғожаұлының

ты ғұмыр» сериясы аясында басылып шыққан «Еділ Ерғожин» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

**Елбасы жаңа мемлекет құру миссиясын толық орындады**

2-3



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

**Қазақ ғылымының қамқоршысы**

4



Берекет КӘРІБАЕВ:

**Ел тарихын жаңаша тани бастадық**

6



**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

# Елбасы жаңа мемлекет құру миссиясын толық орындады

*Биыл еліміз Тәуелсіздіктің 30 жылдық бөлесіне көтеріліп, дамуың жаңа дәуіріне аяқ басты. Қайта жаңғырған Қазақ мемлекеті ғасырдың үштен бірін бағындырып, елдік тойын сән-салтанатымен атап өтуге кірісті.*

*Мереке қарсаңында Ұлт Көшбасшысы егемендігіміздің 30 жылдық кезеңіне талдау жасап, өткенге ой жүгіртіп, келешегімізге жауапты міндеттер жүктеген «Тәуелсіздік тағылымы» атты тәлімі мол, мазмұны терең мақала жариялады.*

«Осыдан отыз жыл бұрын біз саналы түрде өздүниетанымымыз бен болмысымыздың негізі ретінде бостандық пен азаттыққа таңдау жасадық. Бүгінге дейінгі бұл мерзім адамзат тарихы үшін қас-қағым ғана сәт болғанымен, орда бұзар жасқа енді толған Тәуелсіз Қазақстан үшін ол – үлкен белес, асқаралы асу. Мұндайға тек рухы күшті, бірлігі бекем жұрт қана қол жеткізе алады.

Арғыда сақ, ғұн бабаларымыз, беріде қаһарман түрік аталарымыз аласапыран замандардағы алақұйын дауылдарға төтеп беріп, Ұлы далада ұлық ұлыс құрды. Талай жұрт алапат соғыстар мен арпалысқан айқастарда үдере көшіп, бордай тозып, тастай үгіліп, құмдай шайылып кеткен замандарда қазақтар түрік жұртының атақонысын, қарашаңырағын сақтап қалды», – деп ой түйген Елбасы барша қазақстандықтарды тәуелсіздік қадірін бағалауға, өткеннен сабақ алып, ынтымақ пен бірлігіміз арқылы келешекке ұмтылуға шақырды.

Азаттық рухы әспеттелген бұл мақалада Ұлт Көшбасшысы қазақ қоғамына егемендіктің оңай жолмен келмегенін терең пайымдайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасының даналық ойларымен үндес «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Талағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының хәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік», – деп тұжырымдаған еді. Шынында да, бұл күнге Қазақ-

стан халқы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығара отырып жетті. Небір зұлмат жылдарды, репрессияны, аштықты, тіпті соғысты бастан өткізсе де, еңсесін түсірмеген еліміз азаттықтың ақ таңына аман жетті. Бұл туралы Елбасы мақаласында: «Әрине, мен бұл оқиғалардың бәрін көзіммен көрмесем де, әкем мен анамның өзегін мұң мен зар өртеп, жанарын жасқа шылап отырып айтқан сөздерінен, азаттық жолында шейіт болған аруақтарға арнап күбірлеп оқыған дұғаларынан естіп-біліп, көкірегіме түйіп өстім. Кейде ойлаймын: қазақ деген не деген төзімді халық?! Көнбеске көніп, шыдамасқа шыдаған. Болашағы бұлдыр болған күннің өзінде, сағын сындырмай, келешектен үмітін үзбеген. Қиындық атаулыға қасқая қарсы тұрып, үздіксіз алға жылжыған», – деген танданысымен бөліседі.

Бұл егемен елдің тірегі, ел тұтқасы Нұрсұлтан Әбішұлының көңіл түкпірін тербеп, жүрек түбінен шыққан шын сөзі екені ақиқат. Өйткені адамзат тарихындағы ең айтулы оқиғаларға толы ғасырлар тоғысында ел басқарған Нұрсұлтан Назарбаев отыз жыл туған халқының сенімін ақтау үшін бар күш-жігерін аяған жоқ. Тұңғыш Президент өзінің жүрек сүзгісінен өткен, өз басынан кешкен жағдайларды бүкпесіз баяндау арқылы тәуелсіздік шындығын ашып көрсеткен.

Елбасы Кеңес Одағының қызыл саясаты туралы да ой қозғайды. Жетпіс жыл бойғы жоспарлы экономика, жоғарыдан басқару, халықпен етене араласпау түптің түбінде Кеңес Одағын



іштен ірітті. Ал сірескен социализм дәуірінен мүлде жаңа нарықтық экономикаға негізделген жүйеге көшу сол жылдары қиялмен тең дүние еді. Тұңғыш Президент Н.Назарбаев ішкі айтыс-тартыстарға, ұлттаралық, дінаралық қақтығыстарға жол бермей, әлеуметтік-экономикалық салада дамып-жетілуді көздеп, алға жылжуды басты нысанаға алды.

Еліміз егемендікке қол жеткізген алғашқы жылдары Нұрсұлтан Назарбаев «алдымен – экономика, содан соң – саясат» қағидасын ұстанды. Бұл өз кезегінде еліміздің нарықтық экономикаға көшуіне, кәсіпкерлікті дамытуға, ел еңсесін көтеруге жол ашты. Соның нәтижесінде өткен 30 жылда ел дамуына елеулі үлес қосып, азаматтық қоғамның ауыр жүгін арқалай алатын, бәсекеге қабілетті жаңа буын өсіп-жетілді.

«Қамданған қапы қалмайды» дейді халқымыз. Ертеңін ойлаған ел ғана озады. Мақаланың өн

бойынан Елбасының жоспарлы, мақсатты стратегиялық ұстанымдары айқын көрінеді. Болашақ ұрпағымыз ештеңеден тарықпауы үшін Ұлттық қор мен алтын-валюта қорын жасақтап, оған мол қаржы жинақтадық. Дәл осы мол қаражат пандемия кезінде бізге көмек болды. Кезінде осы Ұлттық қор туралы қоғамда қызу пікірталас болып еді. Кейбіреулер «халыққа таратып берейік, әр балаға шағайық» деген ұсыныстар да айтқан. Алайда Тұңғыш Президентіміз оған «болашақтың қоры» деп қарап, «қол тигізбеді». Қажет кезде қолдау ретінде мемлекеттің игілігіне жұмсауға пәрмен беріп отырды.

Ең негізгі мәселе халықтың әл-ауқаты, экономиканы жетілдіру болғанымен, оны кедергісіз дамыту үшін осы саяси, ұлттаралық, дінаралық жағдайларды реттеу қажеттілігі туындады. Осы ретте Тұңғыш Президент басқа елдерге қарағанда ұлттық құрамы әртекті елді бейбітшілік пен тыныштықта ұстап, азаматтық соғыссыз елімізді бүгінгі жетістіктерге алып келді.

Франция Республикасының экс-президенті Жак Ширактың: «Мен Нұрсұлтан Назарбаевтың қабілеті мен қасиетіне, көрегендігіне тәнтімін. Ол қандай да бір мәселенің шешімін қарастырғанда оның сол сәттік ахуалға емес, болашаққа тигізер әсерін ойдан шығармайды. Үнемі болжам жасап отырады. Егемендікке қол жеткізгеннен бастап, Қазақстанның даму жолында көптеген кедергілер тұрды. Бірақ мемлекет, үкімет ол кедергілерге төтеп бере алды. Бүгінде Қазақстанның дүниеге берері де, алары да мол», – деген сөзі ойымызды толықтыра түседі.

Шындығында, Елбасы және халқымыз тағдыр-ғалайына жазылған жаңа мемлекет құру миссиясын толықтай жүзеге асырды.

Тарих тұңғығына батып кетпей, жасампаздық жолында жаңа міндеттер арқалады. Өзгелерден оза шауып, әлемдік қауымдастықта дараланды.

Америкалық саясаттанушы, журналист, Ресей – Еуразия, Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс өңірлерінің қауіпсіздік пен энергетика саласындағы халықаралық қатынастар жөніндегі маманы Ариэль Коэн «Жақсы серіктікте: Нұрсұлтан Назарбаев ұлт негізін салушылардың арасында» деген баяндамасында: «Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы басқаруының арқасында Қазақстан қазіргі жетістіктерге жетіп отыр. Қазақстан ортадан жоғары кіріс деңгейіне жиырма жылға жетпей жетті. Сондай-ақ ол әлемдік аренадағы Қазақстан беделін көтеруге және экономиканың әлемдік қауымдастықпен бірігуіне күш-жігерін жұмсады», – деп жазған еді.

Елбасы мақаласында: «Мен отыз жыл бойы халқымызды қанаттыға қақтырмай, түмсықтыға шоқыттырмай, қайраңға қалдырмай, әлемдік өркениеттің алдыңғы шебіне, дүниедегі ең дамыған 40 елдің қатарына қостым. Осы жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін меңгерген жаңа ұрпақ қалыптасты. Жаңа елордамыз салынды. Ең үлкен табысым да, ең үлкен бақытым да осы деп санаймын», – деп ағынан жарылады.

Бәрімізді бақытқа жетелеген баянды таңдаудың бірі – Арқа төсіндегі астана тұрғызу шешімі болды. Нұр-Сұлтан қаласы бой көтергенде Елбасы ұлан-байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін өмірлік маңызы бар шешімдер қабылданатынын жеткізген. «Отанымыздың жүрегі енді осы жерде соғады. Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи





тағдырын айқындайтын болады», – деп, батыл қадам, байыпты бастама жасаған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстанның жарқын жетістіктерін айшықтайды. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың астананы көшіру туралы бірегей шешімі халқымыз үшін аса маңызды тарихи оқиға болды» деген сөзін халық жүрегінің айнасы деп қабылдаймыз. Мұның барлығы қоғам дамуы, ұрпақ болашағы үшін атқарылған игі істер.

«Біз тәуелсіздікке бейбіт жолмен қол жеткізсек те, оған барар жолда бабалар қаны аз төгілген жоқ. Тәуелсіздік – сол киелі қанның өтеуі еді. Мен мұның бәрін біз сенген, тәрбиелеген бүгінгі жас ұрпақ білсін, санасына сіңірсін деп әдейі жазып отырмын», – дейді Елбасы.

Сондай-ақ «Тәуелсіздіктің мән-мағынасы туралы түрлі ғылым өкілдері өзінше тұжырым жасайтыны анық. Бірақ бір нәрсе ақиқат, ол – ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы жан алысып, жан беріскен сан ғасырлық күресінің заңды жалғасы, халықаралық құжаттармен бекітіліп, мәңгілікке берілген сыйы», – деп ой қорытады.

Еліміздің жаңа тарихындағы, бейбіт өміріндегі Елбасымыздың 30 жылғы еңбегі ұшан-теңіз.

Кеңестік кезеңнен кейін әлеуметтік салада, бір ғана білім беру жүйесінде орын алған олқылықтың салдарын жүйелеуге ондаған жыл уақыт кеткенін бәріміз де білеміз.

Тұңғыш Президентіміз ғылымға, әсіресе инновациялық жобаларға ерекше маңыз берді. Осыдан отыз жыл бұрынғы ғылымның жай-күйі мен оның бүгінгі ахуалын қазір салыстыра алмайсыз. Тәуелсіздігіміздің арқасында тарихымыз түгелделіп, мәдениетіміз өркендеді. Заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесі жаңарды.

Бұл бағытта Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заман талабына сай дамып, мемлекет жүктеген міндеттерді жүйелі іске асыруда озық тәжірибе көрсетті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары университет оқытушылары Президент Әкімшілігіне, Парламентке, Үкіметке, түрлі министрліктерге, елшіліктерге жұмысқа шақырылды. Қазір солардың басым бөлігі егемендіктің қалыптасып, дамуына тер төккен көрнекті мемлекет, қоғам қайраткерлеріне айналды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асанов, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев, Қазақстан Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Әсет Исекешов, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның мүшесі Игорь Рогов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев және басқа мемлекеттік орган басшылары қарашаңырақ тұлғалар екенін мақтанышпен атап өтуге болады.

Қазіргі оқытушы-профессорлар құрамы да ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына толайым табыстармен келіп отыр. «Отыз жылдыққа – отыз

апталық» жобасын жүзеге асырып, егемендік тойын мағыналы бастамалармен өткізуде.

Атап айтсақ, университет аумағында Елбасы саябағы мен Ғалымдар бағы ашылып, онда жалпы саны 1000-нан астам алма, шие, өрік ағаштары, Қырым қарағайы мен Алтай шыршасы, «Сиверс» алмасының көшеті отырғызылды. Мемлекетіміздің дамуына, отандық білім мен ғылымның өркендеуіне елеулі үлес қосқан тұлғаларымыздың көшбасшылық дәрістерін өткізу оқу орнымыздың айнымас дәстүріне айналды. Қанат Саудабаев, Берлин Иришев, Қайрат Әбусейітов, Дулат Қуанышев, Гүлжан Қарағусова, Сауытбек Әбдірахманов университет ұжымымен кездесіп, ой-пікірлерімен бөлісті.

Жақында Түркия Республикасының экс-президенті Абдулла Гүл келіп, Қазақстанды дамытудағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегіне жоғары баға берді. «Қазақ жері – біздің атажұртымыз», – деп ерекше ықыласын білдірді.

Биыл түркітілдес халықтарға ортақ тұлға – жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына байланысты рухани-мәдени шараларда Тәуелсіздік тойымен қатар атап өтілуде. Университетте Жамбыл апталығы ұйымдастырылып, танымдық кездесулер, кітап, сурет көрмесі, Жамбыл ұрпақтарымен жүздесу, «Жамбыл және түркі әлемі» тақырыбында халықаралық ғылыми конференция жүзеге асты.

Өткен аптада Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» онкүндігі қолға алынды. Осы онкүндік аясында оқытушылар мен студенттеріміз Шамалған ауылындағы Тұңғыш Президенттің «Атамекен» тарихи-мәдени орталығында болды. Ұлт Көшбасшысының «Ұлы дала ұлағаттары», Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Он делет историко» кітаптары талқыланды. «Тәуелсіздік толғауы» поэзия сағаты, «Тәуелсіздік – 30» флешмобы, «Балалық шағымның аспаны» кино кеші, «Елім менің», «Кітап FEST» танымдық шаралары студенттер көңілінен шықты. Онкүндік Елбасы мақаласын талдауға арналған «Тәуелсіздік тағылымы» атты қорытынды жиынмен өз мәресіне жетті.

Ал 13 желтоқсан күні мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қатысуымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Бұл іс-шаралардың барлығы тәуелсіздігімізді қастерлеуге, Елбасының қайраткерлік тұлғасын тануға және жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталды.

Елбасы өз мақаласында: «Тәуелсіздік те бақыт сияқты – бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды. Халқы тату, экономикасы қуатты, саяси жүйесі тұрақты, мәртебесі биік, абыройы асқақ Қазақстанның болашағы кешегіден кемел, бүгінгіден нұрлы екеніне кәміл сенемін», – дей отырып, әрдайым алға басуға шақырады.

Ендігі жерде тәуелсіздік тарихы және Қазақстанның қалыптасуындағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегін айшықтау, тарихи құндылықтарды қастерлеу – елің, жерің қадірлейтін, егемендігін бағалайтын әрбір азаматтың парызы болуы тиіс.

## Ақсақалдар кеңесімен кездесті



**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ақсақалдар кеңесінің отырысы өтті. Шараға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев пен Ақсақалдар кеңесінің мүшелері қатысты. Кеңеске қатысушылар ағымдағы жылды қорытындылап, 2022 жылға арналған басым міндеттерді айқындады.**

Жиын барысында ректор биыл білім ошағында атқарылған ауқымды жұмыстар мен жеткен жетістіктер, әлемдік деңгейдегі маңызды шаралар туралы баяндады. «Жақында біздің университетке Түркия Республикасының экс-президенті Абдулла Гүл келді. Жұмыс сапары барысында мәртебелі мейман студенттерге көшбасшылық дәріс оқып, өзінің саяси саладағы көпжылдық

тәжірибесімен бөлісті. Сондай-ақ елге танымал бизнесмендер бас қосқан жас кәсіпкерлер форумы өтті. Шарада кәсіпкерлер білім алушы жастарға ақыл-кеңестерін айтты. Сонымен қатар биыл оқу ғимараттарында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Университеттегі барлық мамандардың жалақысы екі есеге өсті», – деді университет басшысы.

Ректор университетте ғылымды дамытуға серпін беріп, оның ішінде инновациялық жобаларға ерекше назар аудару қажеттігін жеткізді. «Біз ғылыми зерттеулерге басымдық беріп, жаңа технологияларға қол жеткізіміз керек. Ол үшін білікті мамандар қажет. Сіздер де тәжірибелі, білімді ғалымдар мен оқытушыларды шақырыңыздар», – деді университет ректоры.

Кездесу ашық диалог форматында өтті. Ақсақалдар кеңесінің мүшелері сұрақтар қойып, жоғары оқу орнының имиджін көтеруге қатысты идеяларын ортаға салды.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

**Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Биотехнология кафедрасының доценті міндетін атқарушы Гүлнар Ұлтанбекова отандық антибиотикті әзірлеу жөніндегі ғылыми жоба үшін авторлар құрамында Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Білім ордасының Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев марапат иесін қабылдап, жоғары жетістігімен құттықтады.**

## Биолог ғалым Мемлекеттік сыйлыққа ие болды

Кездесуде оқу орнының басшысы фармацевтика саласында жаңалық ашып, зор табыстарға жеткен ғалымдар еңбегін ерекше атап өтті. ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің доценті м.а. Гүлнар Дауытбайқызына «Ғылым мен техника саласындағы аса мәртебелі марапатқа ие болуыңыз – сіздің терең ізденістеріңіз бен ғылыми жетістіктеріңіздің жемісті нәтижесі», – дей келе, әрдайым отандық ғылымды дамытуда биік белестерді бағындыра беруді тіледі. Сонымен қатар Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Ерен еңбегі үшін» медалін табыстады.

Мемлекеттік сыйлықты жеңіп алған ғылыми жұмыс «Розеофунгин-АС» жаңа отандық бірегей дәрілік препаратын әзірлеу және өндіруді ұйымдастыру» деп аталады. Оған Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының бас директоры, биология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Аманкелді Саданов жетекшілік етті.

Қазақстандық ғалымдардың көпжылдық зерттеуі мен тәжірибелік әзірлемелері зеңге қарсы белсенді кең спектрлі



отандық «Розеофунгин» антибиотигімен байланысты. Оның негізінде адамдарда әртүрлі саңырауқұлақ инфекциясын емдеуге арналған жоғары тиімді «Розеофунгин-АС» препараты алынды. Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығы осы препараттың жасалуын аяқтап қана қоймай, оны өндіріске шығару үшін толық дайындап шықты.

Ауқымды жоба аясында институттың Азотты бекітетін микроорганизмдер биологиясы зертханасының меңгерушісі, биология ғылымының кандидаты Гүлнар Ұлтанбекова белсенді зерттеу жүргізді. Ғылыми қызметінің негізгі бағыты түйнекті микроорганизмдердің азотты бекітетін

қасиеттерін анықтау және олардың негізінде биопрепараттар әзірлеу, ризосфералық бактериялардың өсуін ынталандыратын және антифунгальды қасиеттерін зерттеу, өсімдік шаруашылығы үшін биопрепараттар жасау болып табылады. Ол 29 ғылыми мақа-

ла мен Қазақстан Республикасының бес инновациялық патентінің авторы. 2013 жылдан бастап Азотты бекітетін микроорганизмдер биологиясы зертханасын басқарады. Осы уақыт аралығында зертханада тоғыз патент алынды, 80-нен астам ғылыми жұмыс, екі монография жарияланды.

Атап өтерлігі, «Розеофунгин-АС» – бүгінгі таңда медициналық мақсаттағы алғашқы және әзірге жалғыз отандық препарат. Сондай-ақ өнімнің құны шетелдік аналогтардан үш есе төмен. Бұл жоба ғалымдардың еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан сүбелі үлесі болып табылады.

**Әйгерім ӘЛІМБЕК**



**Саналы ғұмырын ғылым жолына арнап, зерделі еңбектерімен халықаралық деңгейдегі ғалымдарды мойындатқан Ұлттық ғылым академиясының президенті, академик Мұрат Жұрынов 80 жасқа толды. Ел зиялысы еңбек жолын қарапайым оқытушылық қызметтен бастап, жоғары оқу орнының ректорына дейінгі аралықтағы баспалдақтан түгел өтті. Саналы ғұмырында қазақ ғылымының көшін алға сүйреп, ағарту саласының ауыр жүгін зор жауапкершілікпен арқалады. Білім министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының қызметін ұтымды ұйымдастырып, химия ғылымының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды.**



Жұрынулы бастаған ғалымдар, оқытушылар ештеңеге қарамай еңбек етті, білім мекемесінің дәрежесін көтерді. Бүгінде алдыңғы қатарлы озық университетке айналған осы білім ордасынан қазақ жастары ғана емес, түркітілдес мемлекеттердің де азаматтары сапалы білім алды. Қазір сол студенттер білікті маман атанып, әр салада өнімді еңбек етіп жүр.

Әсіресе еліміз егемендігін алып, тәуелсіздігін жариялағаннан кейін отандық ғылымының жоқ-жітігін түгендеуге барын салды. Тоқсаныншы жылдардың басында Түркістанда жаңа университет ашылып, білім ордасына басшылық етуге кандидатурасы бірден таңдалды. Сол уақыттағы Білім министрі Ш.Шаяхметов қасиетті Түркістан

## Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

# ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАМҚОРШЫСЫ

өңірінің түлегі, жоғары оқу орындарында басшылық лауазымдар атқарған, Ғылым академиясының Жанармай, катализ және электр химиясы институтының директоры М.Жұрынов лайық деп тапты. Бұл шешімді Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев қолдап, 1991 жылы Түркістан мемлекеттік университетіне ректорлық қызметке тағайындалды.

Осы оқиға туралы ғалым бір әңгімесінде «Елбасы 1991 жылы мені қабылдауға шақырып, Түркістанда жаңа оқу орнының ашылатынын, көне шаһардың түркі әлеміндегі орнын, сол жерде әулие бабамыз Қожа Ахмет Ясауидің жатқаны туралы сөз қозғады. Үш ғасыр бойы астанамыз болған, тарихи тұлғалар жерленген тарихы терең қаланы қайта жандандыру туралы ойы барын жеткізді. Ол кезде Түркістанда ғылыми қызметтің негізі қаланбаған еді. Алайда сенім артылған соң Ташкент, Алматы, Қарағанды, Шымкент қалаларынан ғалымдарды шақырып, жұмысымызға кірісіп кеттік. Барлығымыз Түркістанның келешегіне сеніп келдік. Бұл Елбасының Түркістан арқылы бүкіл түркі әлемін біріктіру идеясы еді» деп еске алғаны бар.

Шыңдығында, арада екі жыл өткеннен кейін білім ордасына Қожа Ахмет Ясауи атының берілуі әрі оның Халықаралық қазақ-түрік университеті мәртебесіне ие болуы бүкіл түркі дүниесіндегі тарихи мәні бар үлкен құбылыс және еліміз үшін биік абырой болды.

Сол жылдары «Аудандық деңгейде халықаралық жоғары оқу орнын ашу кімге керек?» деп сынағандар да болды. Мұрат

Академик ағамыз жаңадан ашылған университетті аяғынан тұрғызуға барын салды. Оқу орнының материалдық-техникалық базасын айтпағанда, маман-кадрлар тапшы еді. Сондықтан оқытушылардың өзін еліміздің түкпір-түкпірінен жинауға тура келді. Уақыт өте келе оқу ордасын халықаралық деңгейге көтеріп, түрік кәсіпкерлерін тарту арқылы көпшіліктің көкейіне сенім ұялатты.

Қайраткер ғалымның білім саласындағы ерен еңбегі, кәсіби білігі ескеріле келе, 1995 жылы ҚР Білім министрі болып тағайындалды. Бұл жылдары еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалы өте күрделі еді. Мектеп ұстаздары, оқу орындарының оқытушылары, небір мүйізі қарағайдай ғалымдарымыз күнкөрістің қамымен қарабазар жағалап кеткені аян. Өтпелі кезеңнің өліара шағында мойынға түскен ауыртпашылықтан елді өз кәсібіне адал мамандар алып шықты. Солардың бірі де бірегейі Мұрат Жұрынулы екенін тағы да мақтанышпен айта аламыз. Өйткені сол тұста елдегі білім сапасының құлдырауына жол бермей, ағарту саласына үлкен жауапкершілікпен басшылық жасады.

Ал 2000 жылдардың басында Білім және ғылым министрлігіне қарасты Д.Сокольский атындағы Жанармай, катализ және электр химиясы институтының директоры қызметін атқара жүріп, ғылыми ізденістерін жалғастырды. Тың жаңалықтар ашты. Соның бірі – отандық катализаторды жасап, оны өндіріске қосу мәселесі болатын. Талай басшының алдына барып, тайсалмай ұсыныстарын айтты. Сөйтіп, отандық ғалымдардың ғылыми еңбектерін жергілікті кәсіпорын-

дарға енгізу мәселесін күн тәртібіне қойды. Ішкі нарықта шетелдік тауарлардың емес, отандық өнімнің пайдалануына мүдделілік танытты. Ғылым ордасының басшысы көтерген бұл мәселе күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ.

Әлемде катализді зерттейтін санаулы-ақ ғылыми институт бар. Соның бірі – көрнекті ғалым басқаратын осы Жанармай, катализ және электр химиясы институты. Ғылыми-зерттеу мекемесі Франция, Жапония, Ресей сынды елдердің салалық мамандарымен иық тірестіре жұмыс істеуде. Бұл Мұрат Жұрынулының жылдар бойғы тынымсыз еңбегінің жемісі.

2003 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті болып сайланып, бүгінге дейін отандық ғылымның ақ ордасын абыроймен басқарып келеді. Терең білім, мол тәжірибесінің арқасында Қазақстан ғылымының қарашаңырағын жаңа даму деңгейіне көтерді. Ол академияның әр қызметкеріне, әрбір мүшесіне ерекше ықыласпен қамқор болып, үлкен-кіші демей ғалымдардың бәріне қолдау көрсетуде. Тағылымды тұлғаның ғылым жолындағы сүбелі ізденісі мен бүгінге дейін қол жеткізген табыстары әлемдік ғылыми қауымдастықта мойындалып, жоғары бағасын алды. Терең ізденістері нәтижесінде бірнеше халықаралық академиялардың мүшесі атанды.

Осы жерде бір ғана мысал келтіре кетейін, ұлағатты ұстаз 2019 жылы өзінің шәкірттерімен, ғылыми қызметкерлерімен «Титанның қышқыл су ерітінділеріндегі постэлектролиздік химиялық еру құбылысы» деген дүниежүзілік ғалымдар мойында-

ған ғылыми жаңалық ашты. Титанның нанокристал диоксиді күн сәулесінен электр энергиясын алу процесін жақсартып, үлкен экономикалық тиімділік береді. Бұл – осыған дейін адамзатқа беймәлім болған құбылыс, химия саласы бойынша Қазақстанда ашылған тұңғыш ғылыми жаңалық. Біздің білетініміз, титан – ең тұрақты металлдардың бірі. Қазақстанда оның өте көп қоры бар. Титаннан химиялық реакторлар, тікұшақ, ұшақ, кемелердің негізгі бөлшектері жасалады. Оның керемет антикоррозиялық артықшылығы – теңіз суында 200 жыл жатса да пірімейді. Бірақ сол титаннан жасалған құралдар тозған кезде оны ешқандай қолдана алмаймыз. Себебі оны қайтадан балқыту қиын, ал еріту мүмкін емес еді. Жұрынов бастаған команда оның оңай жолмен еріту әдісін тапты. Осы жаңалықтың негізінде Қытайдың Шэньси провинциясындағы дүние жүзіндегі ең ірі Боацзи титан корпорациясы 3 млн доллар тұрағын шаруашылық келісімшарт жасауға ынталы болып отыр. Пандемиядан кейін шекара ашылған соң бұл мәселе бойынша келіссөздер жалғасады деген сенімдемін.

Кезінде Қаныш Сәтбаевтай ірі тұлға негізін қалаған қарашаңырақтың жұмысын Мұрат Жұрынулы өзінің беделі мен білігі арқасында заман талабына сай жандандырып, жаңаша түлетуде. Елбасы ғылым мен білім саласына үнемі көңіл бөліп, жағдайды назардан тыс қалдырмайтынын білеміз. Ұлт көшбасшысы Мұрат Жұрынулы тізгінін ұстап отырған ғылым ордасы туралы: «Қазақстан Ғылым академиясы күрделі кезеңде құрылғанына қарамастан, азғана уақытта елдің ғылыми

жүрегіне айналып, ғылым әлеуетін ұйыстыра білді. Ғылымның негізгі бағытын айқындап, олардың дамуына тың қарқын берді. Ең бастысы, жастарды ғылымға тартып, интеллектісі жоғары ғалымдар шоғырының қалыптасуына ықпал етті. Академия қабырғасында еліміздің мақтанышына айналған алыптар тобы еңбек етті» деген еді.

Ал 2019 жылы Мұрат Жұрынулы қабылдаған кезінде ғылымды басқаруды орталықсыздандыру ісінің өзектілігіне және ғылыми зерттеу жұмысын жеке-леген университеттерде дамыту қажеттілігіне тоқталды. «Ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізудің маңызы зор», – деді ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Сол кезде академия басшысы бірлестіктің халықаралық деңгейдегі беделінің артуына батыстық даму үлгісі септігін тигізгенін тілге тиек етіп, «Біздің академия – барлық беделді ғылыми бірлестіктердің мүшесі», – деген еді зор қуанышпен.

Мұрат Жұрынулының тәуелсіздік тұсында туыстас түркі халқының басын біріктіруге, түркі дүниесінің келешегіне, оның ортақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқанын атап өткеніміз абзал. Ғалым түркітілдес елдердің академиялық одағын құру туралы игі бастаманы көптен бері көтеріп жүр. «Түбі бір түркі елдерінің ғылыми мен руханиятында тың көзқараспен зерттеп зерделейтін ортақ тақырыптар, келелі мәселелер бар. Бұған қоса, заманауи ғылымды жетілдіру үшін бір-бірімізден үйреніп, тәжірибе алмасудың маңызы зор» деген сөзін қос қолдап құптауға болады.

Өйткені соңғы он жыл ішінде түркітілдес елдердің мемлекетаралық ынтымақтастығы белгілі бір эволюцияны бастан өткізді, бүгінгі таңда дамудың сапалы жаңа кезеңіне қадам басты. Тәуелсіздігіміз арқылы мемлекетіміз жаңа өркениетке бет бұрды, еліміздегі әр ұлттың тұтастығы мен бірлігі нығая түсті. Түркілік дүниетанымға негізделген төл тарихымызға жаңа көзқарас қалыптастырдық. Ұлттық мәдениет пен ғылым тәуелсіз сана тұрғысынан зерделенді. Сондықтан түркі мемлекеттері арасындағы ғылыми интеграцияның болашағы зор деп ойлаймыз. Келешекте қайраткер ғалым Мұрат Жұрынулының бұл ойы да жүзеге асады деген үлкен үмітіміз бар.

Биылғы халыққа арнаған Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз», – деді.

Қайраткер академик індет өте белең алып тұрған кезде де академия қызметін жаңа арнаға бұрып, жергілікті ғалымдар мен шетелдік мамандарды ауқымды жобаларға, әсіресе COVID-19 кеселіне қарсы вакцина жасауға жұмылдырып, қашықтан тер төкті. Әлі де мемлекет жүктеген міндеттерді мінсіз атқарып, қазақ ғылымына тың жаңалықтар қосарына сенеміз.



# «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» онкүндігі өтті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да егемендігіміздің тарихын насихаттап, жастарды отансүйгіштікке баулу мақсатында «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» онкүндігі өтті. Оған белгілі қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар мен талантты жастар белсене атсалысты. Айтулы мереке қарсаңында өткізілген іс-шараларды назарларыңызға ұсынамыз.

## Тарих жасаған тұлға



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тарих жасаған тұлға» кітабы бойынша танымдық дәріс ұйымдастырылды. Шараны «Болашақ» бағдарламасының түлегі, PhD Думан Жекенов жүргізіп, кітаптың ең қызықты және маңызды сәттерін айшықтап берді.

«Мыңжылдықтар тоғысында Ұлы даланың жүрегінде жаңа мемлекет пайда болды. Аты аңызға айналған Алаш ұрпағы – қазақ халқы үшін бұл жоғалған құндылықтарды жаңғыртуға, өткеніміздің үзілген шежіресін қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Әлемнің ірі мемлекеттерінің ондығына кіретін, табиғи байлықтары мол және арсеналында Кеңес Одағынан қалған ядролық қаруы бар елдің кең-байтақ кеңістігінде осы даңқты миссияны орындау өз халқының дара ұлы, мемлекет негізін қалаушы, Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа арналған тағдыр болды», – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев өз кітабында.

Думан Құрманғазыұлы дәріс-

те кітап туралы өз әсерімен бөлісіп, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ең қиын кезеңдер туралы әңгімеледі.

Дәрісте атап өтілгендей, 1991-2000 жылдар еліміздің барлық азаматтары үшін ең қиын кезең болды. Қазақстан Президентінің «Тарих жасаған тұлға» кітабында келтірілген тәуелсіздік қалыптасуының елеулі кезеңдері жайында құнды әрі маңызды деректер оқулықтарда кездесе бермейді. Туынды ел тәуелсіздігін нығайтып, сақтап қалуы тиіс болашақ ұрпақ үшін тарихи жағынан аса пайдалы кітаптардың біріне айналды. Қорытындылай келе, дәріскер студент жастардың сұрақтарына жауап беріп, оларды ел мен жерді бағалайтын, туған халқының патриоттары болуға шақырды.

## Жәрмеңкеде жаңа туындылар ұсынылды

ҚазҰУ-дың «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында «Кітап fest» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Оған университет оқытушылары және білім алушы жастар, қала тұрғындары мен қонақтар қатысты.



Жәрмеңкеде жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту мақсатында «Қазақ университеті», «Qazupa», «Kitara!», «MARFU Press» баспалары мен кітап дүкендері оқырмандарға көптеген жаңа туындылар ұсынды.

«Qazupa» кітап үйінің маманы Гүлзира Әлиева жәрмеңкеге оқытушылар мен жастар сұранысын ескере келе, ең таңдаулы кітаптарды әкелгенін жеткізді.

Сонымен қатар келушілер Әл-Фараби кітапханасының ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы», «Тәуелсіздік және Тұңғыш Президент», «Білік сабақтастығы», «Тәуелсіздіктің бейбіт күндері», «Тәуелсіздік жылдарындағы сыртқы саясат», «Тәуелсіздік шежіресі» тақырыбындағы танымдық кітап көрмесімен танысты.



## Елбасына арналған көркем фильм көрсетілді

Оқу ордасында «Балалық шағымның аспаны» атты кино кеші өтті. Студент жастар ҚР Тұңғыш Президентінің балалық және жастық шағы жайында түсірілген алғашқы көркем фильмді тағы бір рет тамашалап, рухани жігерлене түсті.

Елбасының тұлға ретінде қалыптасуын баяндайтын көркем фильмді жастарға көрсетудегі мақсат – отбасылық, рухани-адамгершілік құндылықтарды дәріптей отырып, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекет қалыптастырудағы ролін насихаттау және жас



## Азаттықтың ақ таңын жырлады

ҚазҰУ қалашығындағы «Мәңгілік ел» сағат-стелласы алаңында алғаш рет «Тәуелсіздік толғауы» атты поэзия сағаты өткізілді.

Жиынның шымылдығын білім ордасы ректорының кеңесшісі, жазушы-аудармашы Мәлік Отарбаев ашып, көпшілікті ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтады.

Арнайы шақырылған ақындар қауымы ашық аспан астында көпшілікті азаттықтың ақ таңы жайлы жырларымен сусындатты. Ақындар шеруін белгілі ақын Дәулетбек Байтұрсынұлы «Сенің арқаң...» өлеңімен бастаса, талантты қырғыз қызы Перизат Алмасова бауырлас қазақ жұртына ағынан жарыла «Қазағым» атты жыр жолдарын арнады. Қа-



зақ жерін құтты мекен, иран баққа теңеген ақын қыз Алаш жұртын Тәуелсіздіктің ұлы тойымен құттықтап, тілеулес ниетін жеткізді. Мінбеге көтерілген ақын Қайырбек Шағыр «Үміт» өлеңінде тәуелсіздік жолында

қыршынынан қиылған боздақтар мен құрбандарды жырға қосты.

Оқу ордасының оқытушысы, ақын Бекжан Әшірбаев өз сөзінде тәуелсіздіктің бойтұмар екенін атай отырып, елімізде Ата заң – Конституция күніне де ерекше мән беру керектігін атап өтті. «Конституция күні мен Тәуелсіздік күнінен асқан мереке жоқ. Оның қадірін білейік, құндылығын саралайық. Бүгінгідей шаралар патриоттық сезімімізді, ұлтқа деген сезімімізді арттырады», – дей келе, «Отанды сую» атты өлеңін оқып берді.

Сонымен қатар басқосуда Әлібек Шегебай, Есей Жеңісұлы, Саят Қамшыгер, Бауыржан Әліқожа, Жақсылық Қазымұратұлы, Асылан Тілеген, Нұрбек Нұржан сынды ақындар жырдан шашу шашып, туған ел мен жерге деген сүйіспеншілігін жеткізді.

## Мерекеде 30 таңбасы бейнеленді

Студенттер Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған патриоттық флешмоб өткізіп, 30 таңбасын көркем бейнеледі.

Оқу орнының өнерпаздары «Елім менің» әнін әуелете шырқай отырып, қазақтың ұлттық биімен флешмобтың шымылдығын ашты. Жастар би барысында Қазақстан Туы мен университет жалауын биік көтеріп, туған жер мен елге деген сүйіспеншілігін білдірді.

Студент жастар өз замандастарына Қазақстанның болашағы білімді әрі белсенді жастардың қолында екенін, сапалы білім алудың маңызын еске салу және Тәуелсіздік то-



йына тарту ретінде осы бастаманы жүзеге асырды. Ұлттық нақыштағы флешмобтың би ырғағы көз сүйсіндіріп, көрген

жанға ерекше әсер сыйлады. Флешмоб соңында жастар Әл-Фараби кітапханасының алаңында 30 санын бейнеледі.



Тәуелсіздік рухынан қуат алған университеттің тарих факультеті ғалымдары өткен отыз жылда отандық тарихтың барлық кезеңдеріне, оның ішінде ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін жаңаша көзқарас тұрғысынан қарастырып, ондағы ең өзекті проблемаларға қатысты бірнеше жүздеген ғылыми мақала жазып, ондаған монографиялық зерттеу еңбектерін жариялады. Д.Дулатова, Ә.Хасенов, С.Жолдасбаев, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Н.Масанов, М.Елеуов, Ә.Төлеубаев, Ж.Құндақбаева, Б.Сайлан, Н.Нұртазина, Г.Хабижанова секілді тарихшыларымызбен бірге осы мақсатта жұмыла еңбек еттік. Бұл ел тарихын жаңаша тұрғыда танып-білуге мүмкіндік берді. Нақтырақ айтсақ, профессорлар М.Қойгелдиев пен Т.Омарбеков алғаш рет отандық тарихнамада бұрын тыйым салынған мәселелер – Алаш қозғалысы мәселесі мен ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы аграрлық реформалар мен оның қорытындысы – қазақ жеріндегі аштық пен оның салдарларын зерттеп, монографияларын жариялады.

**Берекет КӘРІБАЕВ,**

тарих ғылымының докторы, ҚР ҰҒА академигі

## Ел тарихын жаңаша тани бастадық



Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары факультет тарихшысы, Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры Н.Масановтың «Кочевая цивилизация казахов» атты (1992) монографиясы жарық көріп, бұл еңбек қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығы – көшпелі мал шаруашылығының табиғатын, қалыптасуы мен дамуына арналған тек отандық тарих ғылымындағы ғана емес, әлемдік тарих ғылымындағы ең сүбелі еңбектер қатарына жатты. Автор өз еңбегінде көшпелі мал шаруашылығының қоршаған ортамен байланысын, табиғи-климаттық ерекшеліктермен өзара қатынасын, төрт түлік малдың маусымдық жайылымдарда өмір сүруін, жайылымдардың түрлерін, олардың ерекшеліктерін терең қарастырады. Автор бұл еңбегінде көшпелі мал шаруашылығына қатысты және оның өмір сүруінің маңызды ерекшелігі ретінде дисперсиялық заңдылықты негіздеп береді. Сондай-ақ көшпелі қоғамдағы саяси жүйенің қалыптасуы мен өмір сүру жағдайларын, ерекшелігін түсіндіреді. Қорыта айтқанда, факультет өкілі Н.Масановтың бұл еңбегі номадологиядағы сол жылдарда жарық көрген ең маңызды еңбектер қатарына жатты.

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында отандық тарих ғылымында таптық принциптен бас тартудың басталғанын көреміз. Дегенмен бұл үдеріс бірден қарқынды жүріп, жаңа ұстанымдар бірден орныға қойған жоқ. Ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары тарихшыларымыз диалектиканың «терістеуді терістеу» атты заңына сәйкес, кеңестік кезеңде жасалған тұжырымдарға жаңа көзқарастар тұрғысынан қарап, оларды сынға алып, тарихымыздағы «ақтаңдақтардың» беттерін ақтарып, ақиқатын аша бастады. Соның нәтижесінде 1992-94 жылдары, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары көлемі жағынан кішірек болса да, салмағы мен маңызы жағынан ауыр әрі құнды еңбектер жарық көре бастады. М.Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты» (1992), тарих факультетінің сол кездегі жас зерттеушілері, тарих ғылымының кандидаттары М.Қойгелдиев пен

Т.Омарбековтің бірлесе жазған «Тарих тағылымы не дейді?» (1993), М.Қозыбаевтың «Жауды шаптым ту байлап» (1994) атты еңбектері шығып, сол тұстағы тәуелсіз елдің жаңа сұраныстарына жауап бере бастады. Негізінен, бұл көрсетілген еңбектерде тарихшылар тәуелсіздік кезеңіне дейін отандық тарихтың мүлде зерттелмеген немесе аз зерттелген, тіпті зерттеуге билік тарапынан тыйым салынған, сондай-ақ бұрынғы таптық ұстаным бойынша әдейі бұрмаланған тарихымыздың ең өзекті мәселелерін қарастырады.

1996 жылы Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы кафедрасының доценті Ә.Хасеновтің «Қазақ тарихының бес мыңжылдық баяны» атты монографиясы жарық көріп, бұл монография сол жылдары отандық тарих ғылымындағы зор сенсация болып саналды.

1997 жылы тарих факультетінің өкілі, Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры С.Жолдасбаевтың «Жетісу тарихы» (Қазақтардың XV-XVII ғасырлардағы жартылай отырықшы мәдениеті) атты монографиясы жарыққа шығып, ол еңбек өзінің ғылыми ерекшелігімен айрықша бағаланды. Автор ұзақ жылдар бойы Жетісу өңіріндегі тұрғындардың қыстаулары мен қоныстарына жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері мен жазба дерек материалдарына негіздеп, Жетісу өңірінде өмір сүрген қазақ халқының тарихын, шаруашылығын зерттеген. Автордың бұл еңбегі де отандық тарих ғылымындағы зор жетістіктер қатарына жатты.

Ел тәуелсіздігінің алғашқы онжылдығында Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі халықтың тарихи санасын нығайтуға арналған бірнеше жарлық пен арнайы қаулылар қабылдады. Олардың алғашқысы ҚР Үкіметінің 1993 жылғы «Орбұлақ шайқасының 350 жылдығын атап өту туралы» қаулысы және 1998 жылды «Ұлттық тарих және халық бірлігі» деп атау туралы президент қол қойған жарлық болатын. Оқу ордасы-



ның тарихшыларына жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін көптеген мақалалар жарияланып, іс-шаралар ұйымдастырылды.

Тәуелсіздігіміздің екінші онжылдығында тарих факультетінің ғалымдары отандық тарихтың мәселелерін зерттеуде өте маңызды табыстарға қол жеткізіп, тіпті бұрын-соңғы сараланбаған тақырыптарды қолға алды. Мәселен, соның бірі – қазақ ру-тайпаларының тарихын зерттеу. 2003 жылы Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, профессор Т.Омарбековтің ғылыми жетекшілігімен «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Мұнда А.Қалыш, Г.Хабижанова, Т.Қартаева, М.Ноғайбаева, М.Байдәулетова секілді тарихшылармен бірге ғылыми ізденістерді жүзеге асырдық. 2010 жылға дейін жұмыс істеген бұл орталық үш ай сайын оқырманға жол тартатын «Алаш» ғылыми журналын жариялап тұрды. Ең бастысы, 26 томнан тұратын ру-тайпалар тарихын баспадан шығарды.

Жалпы алғанда, факультет ғалымдары аталған жобаны жүзеге асыру барысында мынадай кітаптарды жазып шықты. Олар: «Тама» – үш том, «Табын» – екі том, «Жағалбайлы» – екі том, «Телеу» – бір том, «Керейт»

– бір том, «Кердері» – бір том, «Рамадан» – бір том – барлығы Жетіру тайпалық одағына енетін жеті тайпаның тарихы 11 томды құрады.

Одан басқа, «Арғын» – үш том, «Найман» – үш том, «Қаңлы» – бір том, «Дулат» – екі том, «Жалайыр» – екі том, «Қаракесек тайпалық бірлестігі немесе алты ата Әлім» төрт том болып жарық көрді. Барлығы 26 том болатын қазақ ру-тайпаларының тарихы жазылды.

Тәуелсіздігіміздің үшінші онжылдығында ғалымдарымыз Қазақстан тарихының этносаяси, саяси-экономикалық, мәдени-рухани бағыттағы зерттеулерін одан әрі жалғастырып, көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Мәселен, 2014-15 жылдары «Қазақ хандығының құрылу тарихы» атты ұзақ жылғы зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесін баспадан шығардық. Бұл Елбасымыз Н.Назарбаевтың 2015 жылды «Қазақ хандығының құрылуына – 550 жыл» деп жариялауымен тұспа-тұс келді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің тарихшыларына жеті томдық Қазақстан тарихын жазу туралы тапсырмасына факультет тарихшылары белсене араласуда. Көптомдықтың 1-ші томы негізінен археологиялық дәуірді қамтыса,

оны орындауға факультеттегі Археология және этнология кафедрасының ғалымдары атсалысып жатыр. Жеті томдықтың екінші және үшінші томдарын орындауға Б.Көмеков, Н.Нұртазина, Г.Хабижанова, А.Жұмаділ, ал маған Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы ретінде 4-ші томды орындау міндеті жүктелді. Осы томның негізгі тарауларына М.Ноғайбаева, Т.Қартаева, А.Жұмаділ, Н.Тасилова, Ә.Телеуова секілді оқытушы-профессорлар құрамымен бірге атсалысатын боламыз.

2004-13 жылдар аралығында ҚР Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» бағдарламасына да тарих факультетінің мамандары белсене қатысты. Бұл мемлекеттік бағдарламаның бір құрамдас бөлігі – археологиялық зерттеулер. Бұл жұмыстары факультет археологтары – У.Шәлекенов, Ә.Төлебаев, М.Елеуов, Ф.Омаров және олардың шәкірттері бірігіп атқаруда.

2016 жылы «Қазақ хандығының күшеюі», «Қазақ хандары» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) атты еңбектері жарық көрді. Ал 2019-21 жылдар аралығында менің авторлығыммен «Қазақ хандары туралы зерттеулер», «Қазақ хандығының басқару институттары» (авторлармен бірге) атты монографиялар жарық көреді. Тәуелсіздігіміздің үшінші онжылдығы ішінде Тұңғыш Президентіміздің «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларын жүзеге асыратын мемлекеттік комиссия құрамында еңбек еттім.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының 25 жылдық мерекесіне арналған «Тәуелсіздіктің 25 аса маңызды оқиғалары» (2016 жыл), «Тәуелсіздіктің 30 айшықты оқиғасы» (2021 жыл) атты қоғамдық-саяси жанрдағы кітаптарым оқырманға жол тартты.

Жалпы, қорыта келе, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетіндегі Қазақстан тарихы кафедрасының ғалымдары ұлттық сананың орнығуы мен дамуына өз үлестерін қосуда.



# Форум мақсаты – кәсіпкерлікке баулу

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жас кәсіпкерлер форумы өтті. Спикер ретінде Нұрлан Смағұлов, Арманжан Байтасов, Асылбек Қожахметов, Қайрат Мәжібаев, Гауһар Қаппарова, Нұржан Жаңабеков және басқа да көптеген танымал кәсіпкерлер сөз сөйледі. ҚазҰУ мен TAN Media Group ұйымдастырған форум Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мен ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай ұйымдастырылды.**

Шараның басында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев жиналғандарды форумның ашылуымен құттықтап, маңыздылығына тоқталды. Өз сөзінде университет басшысы жас буынды кәсіпкерлікке баулу ел экономикасын дамыту үшін өзекті екенін жеткізді.

– Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қызметіне кіріскен алғашқы жылдары «алдымен – экономика, содан соң – саясат» қағидасын ұстанды. Бұл өз кезегінде еліміздің нарықтық экономикаға көшуіне, кәсіпкерлікті дамытуға, ел еңсесін көтеруге жол ашты. Қазақстан экономикасының тәуелсіздік жылдары бағындырған белес, алған асуында кәсіпкерліктің үлесі зор. Қазіргі таңда біздің елімізде жас бизнесмендерге жан-жақты қолдау көрсе-

тіліп келеді. Мәселен, ҚазҰУ-да Экономика және бизнес жоғары мектебі жұмыс істейді. Жыл сайын осы жерден 500 бакалавр, магистр және PhD докторлары оқуларын тамамдап шығады. Бүгінгі өтіп жатқан форумның жас мамандар үшін берері мол деп есептеймін, – деп атап өтті Жансейіт Түймебаев.

Форум аясында сөз сөйлеген кәсіпкерлердің көпшілігі Қазақ ұлттық университетінің түлектері. Солардың бірі – Muzzone музыкалық телеарнасының және «TAN Media Group» ЖШС басшысы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшесі Арманжан Байтасов. Ол университет қабырғасында оқып жүріп-ақ кәсіпкерлікпен айналысқанын айтады.

– ҚазҰУ – біздің альма матеріміз. Бүгінгі жиынға қатысушылардың көбі студент кезінде бі-



лім мен бизнесті қатар алып жүргендер. 90-жылдары өте қиын болды. Соған қарамастан, бизнеске деген қызығушылығымыздың арқасында осындай жетістікке жеттік. Ал қазіргі жастардың кәсіппен айналысуына барлық мүмкіндіктер қарасты-

рылған. Тек кітап оқып, ой-өрістерін жетілдіруі қажет, – дейді университет түлегі.

Сондай-ақ форумда сөз сөйлеген қазақстандық бизнесмен және қоғам қайраткері, RG Brands және Resmi Group негізін қалаушы Қайрат Мәжібаев сапалы

білім берудің маңыздылығына тоқталды. Ол өз кезегінде білімді кәсіпкер мол табысқа жететінін айтты. Сол себептен ол жастарды бизнес бастауда қорықпауға шақырды.

Спикерлер пайдалы ақпаратпен бөлісіп қана қоймай, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Іс-шара барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен «TAN Media Group» ЖШС ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Сонымен қатар форум аясында екі апта бұрын ұйымдастырылған «Media café» байқауының қорытындысы жарияланды. Сайыста үш адамнан құралған топ, яғни Нұрсұлтан Оңдасынов, Әсем Ерланова, Дінаман Серікқан өздерінің креативті жобаларын ұсынып, бір жыл кофехананы басқару грантын жеңіп алды. Форум ұйымдастырушылары университет аумағында кофехананың құрылуын толық қаржыландырады. Оған барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, оқыту кіреді.

Осылайша университет қабырғасында алғаш рет өткен форумға қатыса отырып, студенттер пайдалы ақпарат алды.

## Нұрлан СМАҒҰЛОВ,

*Astana Group компаниясының негізін қалаушы әрі президенті:*

### УНИВЕРСИТЕТТЕ АЛҒАН БІЛІМІМ ҮЛКЕН БАЗИС БЕРДІ

– ҚазҰУ-да алған хрестоматиялық білім, жаңа таныма деген құштарлық өмірлік тәжірибемнің қалыптасуына себепкер болды. Маған 90-жылдары негізгі мамандығым мен кәсіпкерлік жолдың бірін таңдауға тура келді. Мен екіншісін таңдадым. Университетті бітіргеннен соң, екі жылдан кейін Astana Motors компаниясын құрдым. Келесі жылы компанияның 30 жылдығын атап өтеміз. Сөзіме сенсеңіз, университетте алған білім маған дұрыс шешім шығару, жағдайды саралау және дұрыс жолды таңдау барысында үлкен базис берді. Биыл – Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтойы. Біз жас елміз. Деген-



мен барлығы қалауымыздай бола бермейді. Бірақ 30 жыл мемлекет үшін тым қысқа мерзім. Жас сәбидің аурушаң болатыны секілді біздің қоғамның да дерті жетерлік. Оны бірге емдеуіміз қажет. Мен көптеген жастардың Қазақстаннан кеткісі келетінін білемін, бұл мені қатты қынжылтады. Өйткені өз туған жерінде болашағы зор және қуатты елді қалыптастыруға үлес қосуың керек. Өз еліңізде өмір сүру және оған пайдалы болу өте маңызды. Сондықтан баршаңызды елден кетпеуге, ең жақсы идеялар мен жоспарларды жүзеге асыруға, жасампаз болып, заманауи Қазақстанды құруға шақырамын!

## Қайрат МӘЖІБАЕВ,

*RG Brands u Resmi Group компанияларының негізін қалаушы:*

### БИЗНЕС ӨМІРГЕ ӨТЕ ҰҚСАЙДЫ

– Мен үшін үлкен стратегиялық қателіктерге жол бермеу маңызды. Бірақ мен өзімнің және қызметкерлерімнің қателескенін құптаймын. Бастысы – қателікті бірге жасау қажет. Өйткені қателіктер – бұл саған зират емес. Бизнес өмірге өте ұқсайды. Сондықтан қателессең де, күн сайын тұрып, ары қарай өмір сүру, өз міндеттерің мен мақсаттарыңа сену керек. Міне, ең бастысы –

осы. Бірақ бір нәрсеге ешқашан жол беруге болмайды: ол – беделіңе нұқсан келтіретін қателіктер. Моральдық және кәсіби міндеттеріңді әрдайым өз деңгейінде орындаған дұрыс. Мұның соңында әрқашан сенің клиенттерің, серіктестерің, тіпті бәсекелестерің тарапынан саған деген сенім мәселесі тұрады. Себебі абырой ең үлкен әрі ұзақ инвестицияны қажет етеді.

## Арманжан БАЙТАСОВ, TAN медиахолдингінің президенті:

### ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕР ЖОЛДА ҚИЫНДЫҚТАР КӨП БОЛДЫ

– Бизнес бастау қазіргі буынмен салыстырғанда бізге әлдеқайда қиын болды. Кәсіпкерлікке келгенде 90-жылдардағы іскер адамдарға тән қателіктерді біз де жасадық, бір-бірімізден үйрендік. Өйткені біз жетістікке жетер жолда барлық қиындықты бастан өткердік. Себебі ол кезде кәсіпкерлікке арналған әдебиеттер, бизнес туралы білім болмады. Мұның бәрі кейіннен пайда бол-

ды. Мен бір қателікке көп назар аударатын едім. Бұл – кадрлармен жұмыс тәжірибесінің болмауы. Қайталап айтсамын, бізде бизнесті қалай дұрыс құру керектігі туралы білім қолжетімсіз еді. Тіпті HR сияқты ұғым бар екенін де білмедік. Сондықтан ең қиыны кадрлық қателіктер болды. Бұл бизнес тұрғысынан ғана емес, адами тұрғыдан алып қарағанда да оңай болған жоқ.



– Кеңес өкіметі кезінде балабақшаның тегін болғаны, мектеп пен университетте тегін білім алған, мемлекет міндетті түрде сені жұмысқа орналастырғаны, жақсы зейнетақы төлегені керемет деп ойладым. Бірақ қазіргі ойым мүлде бөлек. Меніңше,



## Асылбек ҚОЖАХМЕТОВ, ALMAU президенті:

### КӘСІПКЕР БӘРІН ӨЗІ ЖАСАЙДЫ

адамдар екі түрге бөлінеді: біреудің асырауындағы адам және кәсіпкер. Бірінші типтегі адамдарға барлығы міндетті, мемлекеттен бастап, ата-анасы, бастығы және т.б. Ал кәсіпкер бәрін өзі жасайды, тек өзіне сенеді. Мұндай адамдардың мемлекетке бір ғана өтініші бар: «Маған көмегің қажет емес, тек кедергі келтірмесең болғаны». Кәсіпкер өз өміріне, отбасына, тіпті мемлекетіне өзі ғана жауапты екенін біледі. Біздің қоғамда осы өзгерістер сәтті жү-

зеге асырылды деген ойдамын. Сондай-ақ бізде білім барлық азаматқа бірдей қолжетімді болуы керек деп есептеймін. Кәсіпкерлерге айтарым – қызметкердің жеке мәселесіне де алаңдаушылық танытқан маңызды. Меніңше, кәсіпкер дегеніміз – бизнесмендер ғана емес, ғалымдарды, білікті мамандарды да кәсіпкер деуге болады. Яғни идеясы бар және соны жүзеге асыруды мақсат тұтқан адамдар.



# Тәуелсіздік мерекесі тойланды




Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауыммен БАҚ өкілдері, оқытушы-профессорлар, білім алушы жастар қатысты.

Мерейлі жылды қорытындылаған жиынды Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ашып берді. Сондай-ақ салтанатты шара қонақтарын Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен құттықтады.

Мерекелік жиында оқытушы-профессорлар мен үздік қызметкерлер «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» үлкен Алтын және Күміс медалімен, «EREN ENBEGI USHIN» медалімен, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалімен және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректорының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Салтанатты шара танымал қазақ эстрадасы жұлдыздары мен университеттің талантты студенттері дайындаған мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасты. Жиын соңында қатысушылар «Мен қазақпы!» патриоттық әнін хормен бірге шырқады.

Суреттерді түсірген  
Марат ЖҮНІСБЕКОВ



## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ  
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Кәмила ДҮЙСЕН,  
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ  
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

## МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Кәмила ДҮЙСЕН

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.